



QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№46 (2003) 31 ЖЕЛТОҚСАН 2025 ЖЫЛ

Жаңа жыл құтты болсын!

Жылқы жылы – жаңа ғылыми жетістіктер жылы болсын!

Құрметті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
оқытушы-ғалымдары, қызметкерлері, білім алушы жастары!

Сіздерді Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ұжымы және өз атымынан Жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

2025 жыл университетіміз үшін маңызды жаңғырулар мен ірі бастамалардың кезеңі болды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев ғалымдармен кездесуінде: «Университеттер тың зерттеулер мен жаңалықтардың бастауында тұруға тиіс. Қазір технология қарқынды дамыған кезеңде біз үздіксіз ізденіске, терең білім мен ғылымға ерекше мән беруіміз керек», – деп атап өткен болатын.

Биыл ҚазҰУ Қазақстан мен Орталық Азиядағы жоғары білімнің көшбасшысы мәртебесін тағы бір мәрте дәлелдеп, QS World University Rankings – 2025 халықаралық рейтингінде 166-орынды иеленді. Халықаралық ынтымақтастық аясында университет әлемнің 700-ден астам жетекші жоғары оқу орнымен серіктестік байланыс орнатты. Қазіргі таңда ҚазҰУ 120 мамандық бойынша Еуропа, АҚШ, Оңтүстік-Шығыс Азия және Ресей университеттерімен қос диплом бағдарламаларын табысты жүзеге асырып келеді. Университетте 54 мемлекеттен 7000-нан астам студент білім алууда.

Бүгінде университеттің Ыстамбұл, Бішкек және Омбы қалаларында филиалдары табысты жұмыс істейді. Сондай-ақ ҚазҰУ базасында Ұлттық ядролық зерттеу университеті (МИФИ) мен ҚХР Солтүстік-батыс политехникалық университетінің филиалдары ашылды. Соңғы екі жылда 50 заманауи зертхана іске қосылып, 100 миллион АҚШ долларынан астам инвестиция тартылды. Нәтижесінде Farabi HUB, Supercomputer кластері, FARABI ROBOTICS орталығы, Цифрлық технологиялар және робототехника халықаралық институты, Қазақстан-Қытай «Қашықтан зондтау технологиясы және қолдану» бірлескен зертханасы, «Тұрақты даму және табиғатты ұтымды пайдалану» ғылыми орталығы, PolyU-KazNU – Орталық Азиядағы тұрақты

даму орталығы, Farabi Chem Science кластері, «Гальваникалық қаптама-лар» ғылыми-өндірістік орталығы, «ZOOSTAN» археозоологиялық орталығы, Дәрілік өсімдіктерді ғылыми-зерттеу орталығы, ҚР Заң шығару үдерісіне ЖИ енгізу құқықтық орталығы, «ZTE» және «BASF Mining Solutions» зертханалары профессор-оқытушылар мен студент жастардың игілігіне қызмет ете бастады.

Цифрлық технологиялар, жасанды интеллект, робототехника және инженерия бағытында халықаралық жобалар жүзеге асырылып, студенттердің стартаптары мен ғылыми-шығармашылық бастамаларына кең қолдау көрсетіле бастады. Университеттің білім беру үдерісі еңбек нарығының заманауи талаптарына бейімделіп, академиялық ұтқырлық, дуалды білім беру, стартап-экожүйе және практикалық дағдыларды қалыптастыру жүйелі түрде дамыды.

Студенттеріміз республикалық және халықаралық олимпиадаларда, ғылыми байқаулар мен спорттық жарыстарда жоғары нәтиже көрсетті. Бұл жетістіктер ҚазҰУ-ды халықаралық ғылыми-білім беру кеңістігінде жаңа белестерге көтеріп, еліміздің ғылым мен білім саласындағы көшбасшылық бағытын айқындай түсті. Алдағы жылы да ауқымды ғылыми жаңалықтар, халықаралық жобалар, сапалы білім беру бастамалары жалғасын табатынына сенімдімін.

Жаңа жыл баршаңызға жаңа мүмкіндіктер беріп, ғылыми жетістіктер мен мол кәсіби табыс әкелсін. Бірлігіміз бекем, мақсатымыз айқын, ғылым жолындағы ізденістеріңіз нәтижелі болсын! Сіздерге мықты денсаулық, отбасыларыңызға құт-береке, шаңырақтарыңызға шаттық, еңбектеріңізге мол табыс тілеймін!

Құрметпен,
Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректор
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ



Бес жатақхананың құрылысы басталды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті қалашығында студенттерге арналған 5000 орындық жаңа жатақханалар құрылысының капсуласын салу рәсімі өтті.

Тоғыз қабатты бес жаңа жатақхана ҚазҰУ қалашығы құрылысының II даму жоспары аясында бой көтереді.

Студенттік жатақханалардың құрылысын іске асыруда Қытайдың

«Чжунтайхуа» Баоцзи құрылыс еңбек қызметтері компаниясы» инвестор ретінде тартылды.

Айтулы шараға университет басшылығы, құрылыс компаниясы өкілдері, оқу ордасының танымал тұлғалары, оқытушы-профессорлар құрамы мен студент жастар қатысты.

Салтанатты рәсімде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев сөз сөйлеп, бұл бастаманың университет тарихындағы стратегиялық маңызына тоқталды.

«2022 жылы Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың қолдауымен ҚазҰУ қалашығы құрылысының екінші кезеңі басталған болатын. Жаңа жатақханалар жастардың білім алуына, ғылыми-зерттеу жұмыстарына және әлеуметтік бейімделуіне оң әсерін тигізеді», – деп атап өтті ректор.

Сонымен қатар жиында Баоцзи қаласының құрылыс және еңбек қызметтері жөніндегі «Чжунтайхуа» компаниясының директоры Чжан Хунцян құттықтау сөз сөйлеп, жобаның халықаралық әріптестік аясында жүзеге асатынын және құрылыс сапасына ерекше мән берілетінін жеткізді.


Шара барысында болашақ ұрпаққа арналған жолдау хатқа қол қойылып, салтанатты түрде капсула жерге қойылды.

Жалғасы 2-бетте



2-бет

Үндістанмен
білім
коллаборациясы
нығаяды



4-7-беттер

FARABI – ЖИ
дәуіріндегі
жетекші
университет



8-бет

Студенттерге
арналған
арбат



Үндістанмен білім коллаборациясы нығаяды

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық универси-
тетінің Басқарма
Төрағасы – Ректор
Жансейіт Түймебаев
үндістандық делега-
цияны қабылдады.

Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ-дың халықаралық әріптестікті кеңейтуге ерекше мән беретінін атап өтіп, шетелдік студенттер контингентін арттыру университеттің стратегиялық даму басымдықтарының бірі екенін жеткізді. Ректор Үндістанмен білім және ғылым саласындағы байланысты нығайту екіжақты тиімді серіктестікке жол ашатынын айтты.

Сонымен қатар Жансейіт Қансейітұлы медицина және денсаулық сақтау факультетінен бөлек, университеттің өзге де факультеттерінде Үндістаннан келген студенттердің са-



нын арттырудың маңыздылығына тоқталды.

Үндістандық компания өкілдері өз кезегінде Қазақстанның жетекші жоғары оқу орны ре-

тінде ҚазҰУ-дың әлеуетіне жоғары баға беріп, университетті Үндістан жастары арасында кеңінен танытуға мүдделі екендіктерін білдірді.

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық универси-
тетінің Басқарма
Төрағасы – Ректор
Жансейіт Түймебаев
Сеул киберуниверси-
тетінің халықаралық
байланыс жөніндегі
проректоры Хо Мёён
және оқу бөлімі бойын-
ша проректор Чон
Санвонды қабылдады.

Кездесу барысында Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ-дың халықаралық серіктестікке ашық екенін атап өтіп, Сеул киберуниверситетімен байланыс орнату университеттің білім беру және ғылыми әлеуетін арттыруға ықпал ететінін айтты. Сонымен қатар ректор заманауи онлайн білім беру жүйелерінің маңыздылығына тоқталып, бұл бағыттағы корей тәжірибесінің құнды екенін жеткізді.

Сөз соңында Жансейіт Түймебаев киберқауіпсіздік бағытында ҚазҰУ базасында бірлескен ғылыми орталық ашуды ұсынды.

Сеул киберуниверситетімен ортақ жобалар іске асады



Өз кезегінде Хо Мёён мен Чон Санвон Сеул киберуниверситетінің білім беру саласындағы жетістіктері туралы ақпарат беріп, ҚазҰУ-мен ортақ

жобаларды жүзеге асыруға дайын екендерін білдірді.

**Нұрсұлтан
БАЗАРБАЙҰЛЫ**

Бес жатақхананың құрылысы басталды

Соңы. Басы 1-бетте

«Біз ҚазҰУ-ды дамыту мен жаңғыртудың жаңа дәуірінің табылдығында тұрмыз. Бұл – сапалы білім алуға, ғылыми қызметті дамытуға және студенттік өмірді жаңа деңгейге көтеруге тың мүмкіндіктер ашатын тарихи сәт. Студенттік жатақханалар құрылысы аясында атқарылып жатқан барлық жұмыстар білім алушы жастар мен университеттің профессор-оқытушылар құрамы үшін лайықты, заманауи және жайлы жағдайлар жасауға бағытталған. Осы жатақханаларда тұрып, университет қабырғасында білім алған студенттер еліміздің дамуы мен өркендеуіне елеулі үлес қосатынына нық сенеміз», – делінген хатта.

Жоба білім алушылар үшін

қолайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастыруға бағытталған. Жалпы аумағы 66 мың шаршы метрді құрайтын кешен 5000-нан астам орынға есептелген. Инвестиция көлемі шамамен 33,8 миллиард теңгені құрайды.

Құрылыс жұмыстары 2026 жылдың қаңтар айында басталып, бір жарым жыл ішінде аяқталады деп жоспарланған. Жатақханалар халықаралық стандарттарға сай жабдықталып, қауіпсіздік жүйелері мен тұрмыстық инфрақұрылым толық қамтылады.

Аталған жоба студенттердің тұрғын үйге қолжетімділігін арттырып, әсіресе өзге өңірлерден және шетелден келген білім алушылар үшін үлкен мүмкіндік болмақ.

**Әйгерім ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ,
Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ**



Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық универси-
тетінде Ғылыми кеңестің
кезекті отырысы өтті.
Жиында университеттің
QS World University
Rankings халықаралық
рейтингіндегі позиция-
сын нығайту және
цифрлық инфрақұры-
лымды дамыту мәселесі
қаралды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев жыл қорытындылары туралы баяндап, ұжым атқарған жұмыстың ауқымды екенін атап өтті.

Оқу ордасының басшысы соңғы уақытта ҚазҰУ-да инновациялық инфрақұрылымның едәуір жаңарғанын айтты. 110 млн АҚШ доллары көлемінде инвестиция тартылып, 50 заманауи зертхана ашылды. Маңызды оқиғалардың бірі – жоғары технологиялық жобалар мен стартаптарды дамытуға арналған Farabi Hub платформасының құрылуы болды.

Жыл жемісті қорытындыланды

Әлемдегі үздік суперкомпьютермен жабдықталған кластер ашылып, табысты жұмыс істеді.

ҚазҰУ базасы Farabi Robotics орталығы, Цифрлық технологиялар және робототехника халықаралық институты, Polyu-ҚазҰУ Орталық Азиядағы тұрақты даму орталығы, Ми институты, «Basf Mining Solutions» зертханасы, Цитоматрица зерттеу орталығы, ұшқышсыз ұшу аппараттарын әзірлейтін цех және басқа да заманауи ғылыми зертханалармен толықты. Ағымдағы жылдың желтоқсан айында Солтүстік-батыс политехникалық университеті мен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ бірлесіп әзірлеген «Қазақстан – Қытай» наноспутнигі 530 км биіктіктегі орбитаға шығарылды.

Жиында QS рейтингіндегі ілгерілеу туралы Стратегиялық



даму орталығының директоры Жандос Байжұма баяндама жасап, Биотехнология кафедрасының меңгерушісі Аида Қыстаубаева қосымша баяндама жасады. Сондай-ақ отырыс барысында QS WUR 2027 рейтингіне қатысу жөніндегі жұмыс жоспары таныстырылды.

Сонымен қатар университеттің өз позициясын бағалау және болашаққа болжам жасау үшін қолданатын сараптамалық материалдары ұсынылды.

Бұл мақсатта QS, Times Higher Education, Scopus және SciVal рейтингтерінің деректері, сондай-ақ заманауи

аналитикалық және цифрлық құралдар пайдаланылады. Баяндамашы Жандос Байжұма аталған тәсілдер ҚазҰУ-дың халықаралық рейтингтердегі орнына ең көп әсер ететін факторларды нақты айқындауға мүмкіндік беретінін атап өтті.

Академиялық бедел мәселесіне ерекше назар аударылды. QS 2025 сауалнамасына 348 халықаралық сарапшы қатысып, оның нәтижесі бойынша ҚазҰУ 166-орынды иеленді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе университеттің цифрлық дамуына арналды. Бұл тақырып бойынша Ақпараттық технологиялар департаментінің директоры Махмұт Томанов баяндама жасап, Компьютерлік ғылымдар кафедрасының меңгерушісі Нұрислам Қасымбек қосымша баяндама ұсынды.

Отырысқа қатысушыларға университеттің IT-инфрақұрылымының қазіргі жағдайы және оны одан әрі дамыту жоспарлары таныстырылды.

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Ганьсу саясаттану және заң университетіндегі Қазақстан әлеуметтік-құқықтық зерттеу орталығының директоры, заң ғылымының докторы, профессор Күнболат Сұңғатұлын қабылдады.

Жүздесу барысында тараптар екіжақты ғылыми ынтымақтастықты дамыту, бірлескен ғылыми-зерттеу жобаларын іске асыру мәселелерін талқылады. Бұған қосымша, құқық және әлеуметтік ғылымдар саласындағы өзара тәжірибе алмасу, халықаралық ғылыми конференциялар мен семинарларды бірлесіп өткізу, жас ғалымдар мен студенттерге арналған тағылымдамалар ұйымдастыру мүмкіндіктері сөз болды.

Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ-дың халықаралық серіктестікті кеңейтуге ерекше мән бере-

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жеті ғалымы «Үздік ғылыми қызметкер» сыйлығының иегері атанды. Оқу ордасының зерттеушілері Гүлзағира Атаханова, Досбол Байғұнақов, Гүлжаухар Көкебаева, Алмагүл Құрманова, Инеш Ренжина, Александр Ягужов және Ирина Савицкая комиссия шешімімен байқауда үздік деп танылды.

Ағымдағы байқаудың іріктеу нәтижелері бойынша ғылыми-зерттеу институттарының, жоғары білім беру ұйымдарының және түрлі ұйымдардың ғылыми бөлімшелерінің атынан

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 38 оқытушысы «2025 жылғы жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мәртебелі атағына ие болды. Бұл – республикалық байқау тарихындағы ең жоғары нәтижелердің бірі.

Биыл ҚазҰУ атынан конкурсқа 39 үміткер ұсынылып, олардың 38-і жеңіске жетті. Осылайша университеттің өту көрсеткіші 97 пайызды құрап, конкурс тарихындағы ең жоғары көрсеткіш ретінде тіркелді. Республика бойынша үздік атанған 150 оқытушының төрттен бірі (25 пайыз) – ҚазҰУ өкілдері.

Айта кетейік, конкурсқа қатысу үшін әр жоғары оқу орнына квота бөлінеді. Ол университеттің штаттық оқытушылар санына қарай есептеліп, 50 штаттық бірлікке – 1 үміткер қағидаты негізінде белгіленеді. Биыл ҚазҰУ-ға 39 квота берілген. Университет ішіндегі іріктеуге шамамен 100 оқытушы қатысып, соның ішінен ең жоғары нәтиже көрсеткен 39 үміткер таңдалды. ҚазҰУ бойынша ең төменгі өту балы – 85 балды құрады. Бұл көрсеткіш республикалық шекті балмен толық сәйкес келеді.

Құқықтық байланыстар кеңейеді



тінін атап өтіп, Қытайдың жетекші жоғары оқу орындарымен байланысты нығайту екі ел арасындағы ғылыми және мәдени ықпалдастыққа оң әсер ететінін айтты.

Өз кезегінде профессор Күнболат Сұңғатұлы Қазақстан

мен Қытай арасындағы білім және ғылым саласындағы ынтымақтастықтың әлеуеті жоғары екенін жеткізді.

Кездесу соңында тараптар алдағы уақытта өзара әріптестікті нақты жоспарлар негізінде дамытуға уағдаласты.

Ғалымдар үздіктер қатарында

50 ғалым лауреат атанды. Соның ішінде ҚазҰУ-дың жеті зерттеушісі үздік деп танылып, 14 пайызды құрады.

Биыл конкурсқа жеті бағыт бойынша 358 өтінім түскен. Олар: «Жаратылыстану ғылымдары», «Инжиниринг және технологиялар», «Медицина және денсаулық сақтау», «Әлеуметтік ғылымдар», «Гуманитарлық ғылымдар және өнер», «Ауыл шаруашылығы және ветеринария ғылымдары», «Әскери ғылымдар және ұлттық қауіпсіздік».

Сыйлық 2024 жылғы 1 шіл-

дедегі №103-VIII ҚРЗ «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес тағайындалады және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі жүзеге асыратын ғалымдарды қолдаудың жүйелі шараларының бірі болып табылады. Мақсаты – ғылым мен техниканың дамуына елеулі үлес қосқан ғылыми қызметкерлерді ынталандыру және ғылыми-зерттеу қызметін қолдау.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

Байқауда рекордтық нәтиже көрсетті



Жалпы, 2025 жылғы байқауға еліміздің 89 жоғары оқу орнынан 502 үміткер қатысып, нәтижесінде 37 университеттің 150 оқытушысы жеңімпаз атанды. Конкурс барысында электрондық білім беру ресурстарын әзірлеу, оқу-әдістемелік материалдар, отандық және халықаралық ғылыми жарияланымдар, патенттер мен ғылыми-зерттеу нәтижелері жан-жақты бағаланды. Сонымен қатар оқытушылардың білім беру сапасына, жоғары және

жоғары оқу орнынан кейінгі кадр даярлауға қосқан үлесіне ерекше назар аударылды.

Аталған атақ иегерлеріне ғылыми-зерттеу жұмыстарын кеңейтуге, кәсіби біліктілігін арттыруға және әлемнің жетекші университеттері мен ғылыми орталықтарында тағылымдамалардан өтуге мүмкіндік беріледі. Бұл жетістік ҚазҰУ-дың білім мен ғылымдағы көшбасшы орнын тағы бір мәрте дәлелдеді.

Әйгерім ӘЛІМБЕК



«Құрмет» орденімен марапатталды

Мемлекет басшысының жарлығына сәйкес, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғалымы, Теориялық және ядролық физика кафедрасының меңгерушісі Медеу Әбішев «Құрмет» орденімен марапатталды.

Аталған награданы ҚР ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек Астана қаласында өткен шарада салтанатты түрде табыстады.

«Ғылымды және жас ғалымдарды қолдау – мемлекеттік саясаттың басымдығы. Бұл бағыт Мемлекет басшысының тапсырмалары мен Жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға

арналған тұжырымдамасы аясында жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. Өткен жылдан бастап ғылыми ұйым қызметкерлерінің лауазымдық жалақылары артты, ғылыми тағылымдамаларға гранттар, мемлекеттік стипендиялар мен сыйлықақы, оның ішінде талантты жас ғалымдар үшін стипендия беріледі. «Ғылым және технологиялық саясат туралы» заңының қабылдануы мен Президент жарлығымен Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңестің құрылуы саланың дамуына жүйелі серпін берді», – деді министр Саясат Нұрбек.

Отандық ғылымды дамытуда еңбек етіп жүрген ҚазҰУ ғалымы Медеу Әбішевті марапатымен құттықтаймыз!

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

ҚазҰУ ғалымдары «Болашақ» стипендиясының иегері атанды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғалымдары мен оқытушылары «Ғылыми тағылымдамалар» бағдарламасы аясындағы халықаралық «Болашақ» стипендиясының иегерлері атанды.



1993 жылы қарашада құрылған «Болашақ» бағдарламасының мақсаты – ел экономикасының басым салалары үшін білікті кадрлар мен мамандар даярлау. Бағдарлама академиялық оқуды, сондай-ақ әлемнің жетекші компаниялары мен университеттерінде ғылыми-өндірістік тағылымдамалардан өтуді қамтиды.

Биыл стипендия иегері атанған 225 қазақстандықтың 152-сі магистратурада білім алады, 16 үміткер докторантурада оқуға мүмкіндік алды. Ал 57 қазақстандық әлемнің жетекші университеттері мен ғылыми-білім беру орталықтарында кәсіби тағылымдамалардан өтеді. Сонымен қатар стипендиаттардың 69,8 пайызы жаратылыстану-техникалық

бағыттар бойынша, 30,2 пайызы қоғамдық-гуманитарлық бөлім бойынша білім алады. Бұдан бөлек, 182 қазақстандыққа әлемнің жетекші ғылыми-зерттеу орталықтарында ғылыми тағылымдамалардан өтуге стипендия тағайындалды.

Ғылыми тағылымдамалар заманауи білім мен озық тәжірибені трансферттеудің маңызды тетігі ретінде отандық ғылым мен өндірістің дамуына серпін береді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дан 17 оқытушы стипендиаттар қатарына енді. Бұл университет ғалымдары мен оқытушыларының жоғары кәсіби деңгейі мен сапалы даярлығын айқын дәлелдейді.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

FARABI – ЖИ дәуіріндегі жетекші университет

- 30 мың студент
- 16 факультет
- 15 студенттер үйі
- 550+ білім беру бағдарламасы
- 60+ қос дипломды бағдарлама
- QS WUR – 166-орын
- QS AUR – 38-орын

2022 ЖЫЛ – «ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ» МӘРТЕБЕСІ

- 8 ғылыми-зерттеу институты
- 39 ғылыми орталық
- 140 зертхана
- 400 ғылыми жоба

- 50 заманауи зертхана
- 110+ млн \$ инвестиция



FARABI HUB

Инвестиция – 20,55 млн \$
Ауданы: 8800 шаршы метр

- ZTE, Ericsson, «ZooStan» орталығы (Франция)
- «Қашықтықтан зондтау» қазақ-қытай зертханасы
- ҚХР СБПУ микроспутниктер зертханасы
- Орталық Азия-Германия экологиялық институты (CAGE)



SUPERCOMPUTER CLUSTER

«Бір белдеу – бір жол» – 23 млн \$


- Әлемдегі 600 суперкомпьютердің бірі
- Есептеу өнімділігі – 2000 TFLOPS
- Архитектурасы Intel + NVIDIA
- Генетикалық деректерді өңдеу
- Қазақ тілінің моделін (LLM) әзірлеу
- Климаттық модельдеу
- ЖИ және «Big Data» шешімдерін ұсыну



FARABI ROBOTICS ОРТАЛЫҒЫ

Дүниежүзілік банк гранты – 1 млн \$

- KUKA компаниясының өнеркәсіптік роботтары
- Индустрия 4.0 үшін кадр даярлау
- Өндірісті автоматтандыру
- Ортақ келісім: «Astana Motors», «Hyundai»



ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ РОБОТОТЕХНИКА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

Huibo Robotics компаниясы – 3,38 млн \$

Жалпы ауданы – 600 шаршы метр

- 13 заманауи робот
- Өндірістік, сервистік роботтармен тәжірибе
- Ақылды басқару жүйесін әзірлеу





«ТҰРАҚТЫ ДАМУ ЖӘНЕ ТАБИҒАТТЫ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ» ҒЫЛЫМИ ОРТАЛЫҒЫ

10 зертхана, Мегагрант – **7,57 млн \$**

- Батыс Қазақстанның экологиясын зерттеу
- Каспий теңізіне мониторинг жүргізу
- Ландшафт динамикасын бақылау
- Климаттық қауіп-қатерді болжау



POLYU-KAZNU: ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ТҰРАҚТЫ ДАМУ ОРТАЛЫҒЫ

ҚХР Гонконг политехникалық университеті – **1,01 млн \$**

- Орталық Азияның тұрақты дамуын зерттеу
- Отандық туризм саласын жетілдіру
- Әлеуметтік талдау жүргізу



«ҚАШЫҚТЫҚТАН ЗОНДАУ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ» ЗЕРТХАНАСЫ

ҚХР Ғылым академиясы Шыңжаң экология және география институтының гранты – **1,95 млн \$**

- Арал теңізін зерттеу
- Экожүйелердің деградациясын анықтау
- Құрғақшылықпен күрес
- Орал өңірінің ресурсын болжау



«FARABI CHEM SCIENCE» КЛАСТЕРІ

9 зертхана, инвестиция – **6,50 млн \$**


- Литий триборат кристалын өсіру (500 г – 10 мың \$)
- Литий-ионды батареялар баламасы



«ГАЛЬВАНИКАЛЫҚ ҚАПТАМАЛАР» ҒЫЛЫМИ-ӨНДІРІСТІК ОРТАЛЫҒЫ

«Ғылым қоры» – **1,99 млн \$**

- Коррозияға төзімді жабындар
- Медицинаға арналған фитопрепараттар
- Гидрогельді таңғыштар
- Антибактериалды материалдар



«ZOOSTAN» АРХЕОЗООЛОГИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

Франция үкіметі – **1,05 млн \$**

- CNRS мекемесімен серіктестік
- Орталық Азиядағы археологиялық қазбалар
- Сүтқоректілердің жасын анықтау
- Жануар сүйектеріне протеомдық талдау



МИ ИНСТИТУТЫ

Инвестиция – 5,7 млн \$

- Когнитивтік нейроғылым
- Есептеу нейроғылымы
- Жасушалық және молекулалық нейроғылым
- Нейролингвистика
- Мінез-құлық нейроғылымы



ДӘРІЛІК ӨСІМДІКТЕРДІ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ

Инвестиция – 4,93 млн \$

Биологиялық қоспалар:

- Вирусқа қарсы
- Имунитетті көтеру
- Әйелдер денсаулығын дұрыстау
- Бауырды күту

Фитошайлар:

- Қан қысымын қалыпты ұстау
- Қант диабетін жою
- Асқазан жұмысын реттеу



ҚР ЗАҢ ШЫҒАРУ ПРОЦЕСІНЕ ЖИ ЕНГІЗУ

Нысаналы қаржыландыру – 1,1 млн \$

- Заманауи құқықтық база құру
- Заңнама сапасын арттыру
- Заңнамалық процесті оңтайландыру



ҚАЗАҚСТАН – АҚШ ЦИТОМАТРИЦАНЫ ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ

Инвестиция – 1 млн \$

- Цитоматрица құрылымын талдау
- Жасуша ішіндегі клеткалық процестерді сараптау
- Қатерлі ісік жасушаларының биологиясын зерттеу
- Биомедициналық ғылымды дамыту



«ZTE» ЗЕРТХАНАСЫ

- Ультразвуктық платформалар
- Көпжылдық жүйелер
- ЖИ технологиялары
- Кеңжақты антенналар



«BASF MINING SOLUTIONS» ЗЕРТХАНАСЫ

- Тау-кен өнеркәсібін флотациялық зерттеу
- Гидрометаллургиялық процестерді оңтайландыру
- Өнеркәсіптік реагенттерді сынақтан өткізу



ҰШҚЫШСЫЗ ҰШУ АППАРАТЫН (ДРОН) ӘЗІРЛЕУ ЦЕХЫ

Инвестиция – **13,8 млн \$**

- Конструкторлық және инженерлік аймақ
- Жинақтау және интеграция аймағы
- Бағдарламалық зертхана
- Тестілеу және симуляция аймағы



ДЕМЕУШІЛЕР ИНВЕСТИЦИЯСЫ

- Оқу аудиторияларын жабдықтау – **257 мың \$**
- Автобус қайтарымсыз сыйға берілді – **174 мың \$**
- Аумақты абаттандыру (брусчатка төсеу) – **1,5 млн \$**



ИНВЕСТИТОРЛЫҚ ҚОЛДАУ

- Стадионды қайта жаңарту – **1,77 млн \$**



13.12.2025 ЖЫЛЫ «ҚАЗАҚСТАН – ҚЫТАЙ» НАНОСПУТНИГІ 530 КМ БИІКТІКТЕГІ ОРБИТАҒА ҰШЫРЫЛДЫ



КҮН ПАНЕЛЬДЕРІ ОРНАТЫЛДЫ

- Сегіз факультеттің ғимараты күн панельдерімен жабдықталды.
- Энергия өндіру станциясы келісім шеңберінде Қытай тарапымен бірлесіп 20 мың шаршы метр аумаққа салынды.
- Болашақта ҚазҰУ қалашығындағы барлық факультеттер мен жатақханалар күн панельдерімен қамтамасыз етіледі.



УНИВЕРСИТЕТ ҚАРЖЫСЫ ЕСЕБІНЕН

- Инфрақұрылымды жаңғырту – **8,2 млн \$**



Студенттерге арналған арбат

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде студенттерге арналған жаңа арбат ашылды. Қалашық аумағында орналасқан бұл орын студенттер мен университет қызметкерлері үшін қолайлы әрі заманауи демалыс кеңістігі ретінде абаттандырылды.

Арбат аумағында кофехана, тегін Wi-Fi желісі, сондай-ақ демалуға арналған орындықтар мен ашық алаңдар қарастырылған. Мұнда студенттер сабақ арасындағы үзілісте немесе ұзақ оқу күнінен кейін ашық аспан астында тынығып, уақытын тиімді өткізе алады.

Арбатта орналасқан жаңа кофехана жылдам қызмет көрсету форматында жұмыс істейді. Студенттерге өзімен алып кетуге арналған ыстық және салқын кофе түрлері, шай, түрлі сусындар, тәттілер, жеңіл тағамдар мен тіскебасарлар ұсынылады. Бұл уақытты үнемдеп, тез қызмет алуға мүмкіндік беретін ыңғайлы шешім.

Аталған аумақ студенттердің күнделікті қозғалыс бағытына ыңғайлы жерде орналасқан. Жайлы атмосфера мен ашық кеңістік кампус өмірін жандандырып, жастардың бір-бірімен еркін қарым-қатынас орнатуына жағдай жасайды. Университет басшылығының айтуынша, мұндай бастамалар студенттердің көңіл күйіне оң әсер етіп, оқу орнындағы әлеуметтік ортаны дамыта түспек.

Айта кетейік, кофехана сағат 09:00-ден 21:00-ге дейін жұмыс істейді.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар
департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: kaznugazeta@gmail.com
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 2000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.